

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3-4 (59)

НАУРЫЗ-СӘУІР 2018



Үзбен ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ:  
"ХАЛЫҚШЫЛ АЗАМАТ"

24-БЕТ

Шынай РАХМЕТҰЛЫ:  
"ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ  
ЖАРҒАН ӘДІЛ БИ"

25-БЕТ

Бақытбек БӘМІШҰЛЫ:  
"ТЕКТІЛІК ТАМЫРДАН"

28-БЕТ

Марат  
ТОҚСАНБАЕВ:  
"КӨП ҚАЗАҚТЫҢ  
АЛҒЫСЫН  
АРҚАЛАДЫ"

12-БЕТ

**МЕРЕЙХАН ҚАБДЫЛУЛЫ –  
АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ**



# ҚАЗАҚ-АМЕРИКА УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ «ДАРА ОҚЫРМАН» ПОЭЗИЯ БАСТАМАСЫ

2018 ж. 06 наурыз күні 20-жылдан астам тарихы бар Қазақ-Америка университеті ҚР Ұлттық кітапханасы және Ардагерлер ұйымдарының «Қазақстан Ардагерлері» қауымдастығы қолдауымен, Қазақстан Жазушылар Одағының жетекшілігімен қазақтың танымал ақыны, журналист, аудармашы, жазушы-сатирик Жарасқан Әбдіраштың 70 жылдығына арналған «Дала, Сенің Ұлыңмын!» поэзия кешін ұйымдастырды.



**А**қын Жарасқан Әбдіраштың 70 жылдығына және творчествосына арналған «Дала, Сенің Ұлыңмын!» поэзия кеші Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізілді.

Ұлтымыздың біртуар азаматы Жарасқан Әбдіраш 1948 жылы 07 наурыз күні қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданының Аманөткел ауылында дүниеге келген. 1969 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетін бітіргеннен кейін журналистика және публицистика саласымен айналысып, республикалық «Қазақ әдебиеті» және «Лениншіл жас» газеттерінде, сондай-ақ «Жұлдыз» журналында тілші

қызметтерінде жұмыс істеді. Кейінгі жылдары «Тамаша» музыкалық ойын-сауық театрында, және Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем аударма және әдеби байланыстар жөніндегі бас редакторы қызметін атқарды.

Өзіңді Әбдіраштың Жарасқаны деп атаған біртуар ақын бірқатар марапаттаулардың иегері. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мағжан Жұмабаев сыйлықтың лауреаты.

Ақын Жарасқан Әбдіраш Қазақстандағы эпиграмма жанрының бастамасын қалаған алғашқы ақындардың бірі. Ол өз шығармаларында адамзаттың, қоғамның, жеке адамның, сондай-ақ әйел баласының проблемаларын қозғап; қазақ тарихына, әдет-ғұрпына және

қазіргісіне байланысты өз ойларын ұсынды. Ақын балаларға және олардың мәселелеріне баса назар аударып, творчестволық тұрғыдан Қазақстандағы балалар әдебиетінің, оның ішінде поэзиясының дамуына айтарлықтай өз үлесін қосты. Қазіргі заманғы балаларға арналған қазақтың поэзиясының жаңғыруына өз ықпалын тигізді.

Жарасқан Әбдіраш қазақ аудармашыларының алғашқысы болып атақты үнді ақын-жырауы, композитор Рабиндранат Тагордың туындыларын көркемдік стилі негізінде аударды. Кезінде Жарасқан аға көркемдік аударма ісімен шұғылданып, Александр Пушкин, Корней Чуковский мен Александр Блок сияқты танымал ресейлік ақын-жазушылардың



шығармаларын, өлеңдердің ішкі сезім мен эмоциялар дәрежесін сақтай отыра асқан шеберлікпен аударды.

Өмір бойы дарынды тұлға Әбдіраш Жарасқанның қазіргі қазақ әдебиетінің дамуына ойдағыдай үлес қосып, тақырыптық жағынан сан алуан өлеңдерді, публицистикалық очерктерді, басқа да прозалық жазып, өзінің ішкі жан дүниесімен, адамға және өмірге деген қатынасымен өз оқырмандармен, халықпен бөлісті.

Поэзия кешіне қазақтың белгілі ақын-жазушылар, композиторлар, қоғам және мемлекеттік қайраткерлері белсене қатысты. Солардың ішінде Шөмішбай Сариев, Темірхан Медетбек, Нұрлан Оразалин, Зейнеп Ахметова, Гайникен Бибатырова, Қали Сәрсенбай, Қалдыбек Құрманәлі сынды ақын-жазушылар болды. Сондай-ақ кешке Қазақ-Америка университетінің оқытушылары, Алматы қаласының мектеп директорлары, «Қазақстан Ардагерлері» қауымдастығының өкілдері, университет пен колледж студенттері және орта мектеп оқушылары қатысты.

Шараға Жарасқан Әбдіраштың отбасы белсене қатысты. Ақынның ұлы қазақтың дарынды кинорежиссері, суретші, сценарист Рүстем Әбдіраш, ақынның асыл жары, жеке хатшысы Назігүл апай, ақынның келіні Мадина және туған немерелері Іңкәр мен Әбілқайыр кештің өткізуіне ат салысты.

Поэзия кешіндегі орындаушы-жастар Жарасқан Әбдіраштың өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақынның





поэзиялық шеберлігін мен эмоционалдықы қызушылығын таныта білген. Өлең орындаушылар арасында Қазақ-Америка университетінің және ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледждің студенттері Аяшова Айзада, Дүйсенбі Алишер, Қадыров Данияр, Пірманова Маржан, Умарова Марьям, Сейілбек Ернұр, Алпысбаева Жұлдыз, Шыңғыс Жанәбіл, және Қазақ-Америка университеті жанындағы ЮНЕСКО ассоцияланған мектептің жоғары сыныппен орта буын оқушылары Сопыбек Алдияр, Давид Алврцян, Тілепов Батырхан, Мақажанова Камилла, Саудабаева Томирис, сондай-ақ қазақ поэзиясының

жас жанашыры Мадина Жәрдембекқызы және ең жас орындаушы 5-жасар Азат Айтұмар болды.

Кештің негізгі ұйымдастырушысы және қамқоршысы болған Қазақ-Америка университеті (ҚАУ) «Құқықтану», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «Журналистика», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Экономика», «Аударма ісі», «Менеджмент», «Туризм» мамандықтары бойынша жоғары сапалы мамандарды дайындайды.

2015 жылы ҚАУ Білім берудегі сапаны қамсыздандыру жөніндегі Тәуелсіз Қазақстандық агенттікте мамандандырылған және институционалдык ак-

кредитациядан өтті. ҚАУ мамандықтары сапасын арттыру мақсатында ҚР академиялық бағдарламалардың тәуелсіз рейтингтерге қатысып, жылдан-жылда жоғары орындарды алуда.

Соңғы 6 жыл ішінде ҚАУ Американдық колледждер мен университеттер қауымдастығына (AAC&U) қабылданған ТМД-ның жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Қазіргі таңда бұл Қауымдастықтың құрамына 1100 білім беру ұйымдары, колледждер және университеттер (American University, Eastern Connecticut State University, George Mason University, Berkeley College, Harvard University







және т.б.) кіреді. Бүгінгі күнде университеттің халықаралық ұйымдарымен (IREX, ACCELS, USIS, British Council), шетелдік университеттермен, колледждермен тұрақты қатынастар орнатылған.

Қазақ-Америка университеті еліміздің болашағына сенімді. Университет Қазақстанның экономикалық дамуына жоғары сапалы кадрларды даярлауда және ұлтымыз үшін жаңа ұрпақты

тәрбиелеуде өз үлесін қосуда.

**Қайыржан АБДЫХАЛЫҚОВ,**  
Қазақ-Америка университетінің деканы, PhD докторы:

еский клуб  
АРА ОҚЫМАН»  
Казахско-Американского  
Университета

